

1. «Жамбыл Жабаев – Ұлы даланың алып жыршысы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары (Алматы қ., 25 ақпан 2016 жыл).- Алматы, 2016.-426-бет.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б. Тоқсан толғау (Н. Төрехұловпен бірге), А., 1992; Жүз жыл жырлаған жүрек, А., 1993; Асыл сөздің атасы, А., 1996;
Жамбыл Жабаев. Ұлы дала ақыны / М. Жолдасбеков. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020. – 224 б.
3. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. — 199 б. – Б. 123.
4. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Екінші том. А: Жазушы, 1980.
5. Тәуелсіздік және Жамбыл шығармашылығы. –Алматы:. 2011 ж. 9 б.).
6. **Жамбыл Жабаев. Ұлы дала ақыны** / М. Жолдасбеков. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020. – 224 б.
7. Жайлаубай Ж., Естай Қ. Әдебиетіміздің асыл кеңі // Егемен Қазақстан. — 2016. — 19 наурыз — 5-б.

ӘОЖ 1751

ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Қоқанова Әсемгүл Асқарқызы

a.kukanova@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің

2 - курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., проф. Жұмағұл Сағымбай Ботпайұлы

Әдебиет - шынайы өмірдің ақиқатпен әрленген сырлы болмысы, ұлттың сан ғасырлық көркем тарихы бейнеленген мұрасы. Қазақ әдебиеті - халқымыздың астарлы ойлары мен шындығын, қиындығы мен арман ниеттерін арқалаған үлкен көш. Әдебиетіміз қысқа уақыт ішінде аса шапшаң жылдамдықпен дамып, кемелденген өнерге сай биік дәрежеге көтеріле білді. Көптеген бағыттағы туындылар жарыққа шығып реализмнің даңғыл айдынына, талай белестерге жетті.

Қазақ әдебиетінде біршама жанрлар туып, әр жанр өзінше көрініс тапты. Поэзия, эпикалық проза, роман ерте кезеңнен бастап түбегейлі зерттеліп келді. Ал драматургия саласына келетін болсақ, дүниежүзі халықтарының драма жанрымен салыстырғанда қазақ драматургиясының дамып, өркендеу жолы сәл артта қалып отырды. Жалпы “драматургия” сөзі қазақ сөз өнерінде неміс, ағылшын, грек, орыс драма жанрымен сәйкес классикалық үлгіде ХХ ғасырдың басында қалыптасты. Қазақ әдебиетінің драмалық шығармаларында көтерілген мәселелер халықтың тұрмыс-салты, әдет -ғұрыптары болды. Беташар, жар- жар, бесік той, бәдік жыры сынды өлеңдер, айтыстар мен жырлар драмалық элементтердің негізі болды. Өз уақытында қазақ жастары ұйымдастырып отырған түрлі әдеби ойын -сауық кештері мен ұлттық ойындар ұлттық сахнаның дамуына септігін тигізді. Қазақ жеріндегі өнер мен драматургияның қарқынды дамуына әкелді. Бүгінде қазақ драматургиясы барлық жағынан дамып келе жатқан ерекше жанр болып саналады. Атақты драматургтердің шығармаларын арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, саралау нәтижесінде бірнеше құнды еңбектер жазылды. Қазан төңкерісінен соң өрлеп, халқымыздың мыңдаған жылдық салт-дәстүрі мен рухы бар фольклорын жандандырған жаңа

сала аумағында бірнеше аты шулы еңбек жұмыстары бар. Олардың қатарында Әбділде Тәжібаевтың Қазақ драматургиясының очеркі (1964), Рәзия Рүстембекованың Қазақ совет комедиясы (1975),

Мырзабек Дүйсеновтың Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі (1977), Есенгелді Жақыповтың Дастаннан драмаға (1979), Нығмет Ғабдуллиннің Ғ.Мүсірепов – драматург (1982), Рымғали Нұрғалидың Арқау сынды еңбектері бар. Әлем драматургиясы сан ғасырды қамтитын болса, қазақ халқының драмалық тарихы бір ғасырға жетеді.

Бірақ ХХ ғасыр басында негіз алып, аз ғана уақыт ішінде басқа халықтардың драма жанрымен теке тіресіп әлемдік деңгейге көтерілген ұлттық драматургиямыздың қалыптасу жолы өте күрделі болды. Оған қарамастан, қазақ қоғамының күрт өрлеп өркендеуі, халқымыздың мыңдаған жылдық дәстүрін бейнелейтін фольклоры, кәделі өнері мен жаһан мәдениетімен тепе-тең дәрежеде жетілген әдеби дәстүріміз қазақтың жаңа үлкен өнер саласының өмірге келуіне әкелді.

Әдебиетіміздегі алғашқы пьесалар өз заман талабына сай жазылып, жарыққа шыға бастады. Драмалық туындылар ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасырдың басында алаштың ардықты ұлдары Ишанғали Меңдіханов, Жиенғали Тілепбергенов, Жүсіпбек Аймауытұлы, Смағұл Сәдуақасов, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Қошқе Кеменгерұлы, Жұмат Шанин және Сәкен Сейфуллинның қаламдарынан шықты.

Алаш зиялыларының қаламынан туған драмалық туындыларды зерттеу ісі мен ғылыми айналымға айналдыру сонау 1950 жылдардан бастап бастау алды. Осы уақытта көптеген диссертациялық еңбектер қорғалып, монографиялар жарыққа шыға бастады. Олардың қатарына 1951 жылы А.Маловичко “Қазақ совет драматургиясындағы тарихи өмірбаяндық пьеса”, 1956 жылы С.Ордалиев “Соғыстан кейінгі қазақ совет драматургиясы”, 1967 жылы Р.Нұрғали “М.Әуезовтің трагедиялары”, 1975 жылы Е.Жақыпов “Қазақ драматургиясындағы батырлық эпостың түрлері”, 1983 жылы Р.Нұрғали “Қазақ совет драматургиясының жанр жүйесі” атты докторлық диссертациялар қорғалып, ғылымға өте үлкен серпіліс әкелді. Және де көптеген монографиялық еңбектер де жарыққа шығып, қорғалды.

Драматургия саласын зерттеген қазақ ғалымдарының еңбегіне сүйенетін болсақ, қазақ әдебиетінде драма жанрының тууы және зерттелуі Қазан төңкерісінен соң жете қолға алынды. Сонымен қатар Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген біраз драмалық шығармаларда көркемдік жағынан аз-маз қателігіне қарамастан баспа бетіне шыққанын айта аламыз. Ондай драмалық шығармалар қатарына “Манап” және “Надандық құрбаны” жатады. Атап кеткен пьесалық шығармалар 1915 жылы жеке кітап болып Уфада жарыққа шықты. Пьесалар авторы Көлбай Тоғысов пен А.И.Лиханов болды. Сонымен қатар “Айқап” журналының бірнеше санында да көрінді. [1, 325-327] Бұл екі пьесаның мазмұнына келетін болсақ, қазақ даласында көрініс тапқан ескіліктің шырмауы мен феодалдық дәстүрдің өте жиеркенішті істері, қарапайым халыққа зорлық көрсеткен тақта отырған жуандардың пасық қылықтары, нәзік жандылар тарапына көрсетілген қылмыстар суреттеледі. Шығарманың авторы заңмен қызмет қылып отырған шенеуніктердің, қорғаушылардың және де сол кезеңдегі тілмаштардың параға жасаған сатқындықтары айқын бейнеленген. Осы негізінде “Манап” драмасына көптеген пікірлер ұлттық журнал беттерінде көрініс таба бастады. “Манап” туралы алғашқы пікір білдірген ғалым Міржақып Дулатұлы болды. Ғалымның драма туралы сын мақаласы “Қазақ” газетінде басылып шықты. Пьесада қазақ даласындағы ең сорақы іс-әрекеттер мен түрлі зұлымдық әсерінен пайда болған трагедия ашық суреттеледі. Қазақ ауылдарындағы халықтың надандығы мен саналық қараңғылықты пайдаланған жуандардың зорлық-зомбылықтары, ең өрескел қылықтары, қазақ қыздары мен әйелдерінің еркіндіктері мен бас бостандықтарының жоқтығы баяндалған. Бұл екі пьесаның өзіндік ұқсастықтары еді.

М.Дулатұлы өзінің сыни мақаласында пьеса хақында былай деді: “Манаптай” драмалық шығармаларды кітап жүзінде басып шығаруға асығыстық танытпай, білікті сыншы, ғалым кісілердің ой пікірімен санасып, көркемдік жағына зер сала отырып нық қадам жасаған жөн. Жазушының бұл мақаласы қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін көтеруге септігін тигізді. Әсіресе, алғаш туған драмалық шығармалардың артықшылығы мен кемшіліктерін, аудару - аудармау секілді мәселелерді талқылап, жариялымға шығару үшін сыни пікірлерге назар аудару қажет екендігін ашып айтып пікір білдіргені, әдебиеттің көрікті де ажарлы, тартымды бола түсуіне ұмтылуы еді.

Қазақ өмірінен алынып жазылған “Манап” пьеса маңында бірнеше пікірлер мен сындар айтылды. Соның бірі “Айқап” журналында жарық көрген Сәкен Сейфуллиннің мақаласы еді. Осы мақаласында шығарманы біраз сынға алды. Ғалымның ойы көбінесе М.Дулатұлының ойымен қабысып жатты. Пьесаның сюжеті мен аудармасын ұнатпағандардың бірі жас ғалым болды. С.Сейфуллин драмалық шығарманы сынап отырып, ең үлкен үш мәселеге баса назар аударады. Біріншіден, драманың оқиғасы шындыққа жанасады дегенімізбен, кейіпкерлері осы күні тірі деп көрсеткенімен, ұлтымыздың тұрмыстық жағдайымен мүлде сәйкеспейді. Кейіпкерлердің сөйлеу мәнері, іс-әрекеттері қазақтарға жат дейді. Драманың басты қаһарманы Гүлбаһрамның атастырылған күйеуі о дүниелік болып, оң жақта отырған қызына сыйлық жасап, қызына “әмеңгерін келе жатыр” деп әкесінің сүйінші сұрауы халқымыздың дәстүріне, тұрмысына өте өрескел дүние екендігін айтады. Бұндай сюжеттік желіні бейнелеу автордың қазақ тұрмысымен жете таныс еместігі немесе мазақ еткені дейді. [2, 198]

Екіншіден, үлкен бір көзге түскен оғаш нәрсе ол кітап бетін ашпаған Гүлбаһрам мен оның құрбыларының ұзақ өлеңдерді оқуы және сөйлеген сөздерінің оқымаған адам ойына келмейтіндігі. Бұл сыни ойымен ғалым әрбір кейіпкердің аузынан шығатын сөз бен саналы ой, оның іс-әрекеті мен типтілік шартына сәйкес болу қажет екендігі.

Ал, үшіншіден шығарманың аудармасының қазақ тіліне сөзбе-сөз аударылуы еді. Аударма тілінің әдемі, жатық, әрі түсінікті болуы үлкен талап еді. Осы тұстан қарағанда, аудармада сөздер тізбегі мен сөздер тәртібі қазақша болып шықпаған. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысына шалғай жатқандықтан, құлаққа түрбідей тиетін оралымдар жүйесін атап көрсетеді. Жалпы “Манап” драмасында қазақ ұлтына тән емес салт-дәстүрлер мен әдеттер көп кездеседі, сонымен қатар орыс драмасына көптеп келеді.

Драмалық саладағы тағы бір үлкен толымды ой жетелейтін енді бір шығарма Көлбай Тоғысовтың “Надандық құрбаны” пьесасы еді. Пьеса жайында Міржақып Дулатұлы өзінің пікірін айтқан.

Автор драманың мазмұнын былай баяндайды: “Жазушы да -суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай салса, жақсы жазушы адамның ішкі сырын, мінезін, оның әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын көріп тұрғандай болады. “Надандық құрбаны” пьесасында мұның бір нұсқасы жоқ, байлаусыз-матаусыз құр сөз, біріне-бірі қарсы оқиғалар” деп ең негізгі қорытындысын алдын ала жасайды. “Бірнеше кісіні сөйлету арқылы біреуді үйден шығарып, біреуді керісінше үйге кіргізумен, енді бірін ауыртып, біреуді өлтірумен драма болмайды”. [3, 5] Міржақып Дулатұлы тізіп көрсеткен талаптар драмалық шығарманың міндетті, әрі өте қажетті критерийлері еді.

Бұл драмалық шығарманың бойындағы жеті түрлі кемшілік шындыққа жанаса ма деген ойларды айтсақ, “Манап” драмасындағы әдеттер емес, көбінесе қазақ халқының аңқаулығына тән құбылыстар көзге түседі. Бірақ олар нақты қорытынды жасайтын үлкен детальдар емес. Қысқасы, Көлбай драмалық шығарманы жазып шығарудың орнына өзі осы шығарманың кейіпкеріне айналған сынды,- дейді. Тұңғыш жарық көрген кітабымыз жансыз туды, мұны әдеби кештердің сахнасына қоюға жарамайды деп пікір білдірді.

Дегенмен, бұл екі пьеса “Манап” және “Надандық құрбаны” өмір құбылыстарын, кейіпкерлердің бар болмысын суреттеу, шығарманы әспеттеп көркемдеу жағынан биік дәрежеге жетпесе де, қазақ әдебиетінде драмалық туынды жазудың қалыптасуына жол ашты. Осы себептен бұл пьесалардың әдебиет тарихында өзіндік орындары ерекше.

Драматургия жанры, пьесалар, спектакльдер, театр тарихы, режиссерлер, актерлер жайындағы мәселелер жете көтеріліп, бұл тақырыптағы құнды ойлар тізілген мақалалар мен монографиялық зерттеу жұмыстары біртіндеп жарыққа шыға бастады.

Қазақ жерінде драматургиялық жанрдағы алғашқы пьесалар тек жазылып қана қоймады. Бертін келе пьесалар сахналана бастады. 1919 жылы қазақ жастарының ұйымдастыруымен халық үйінің жанынан тұрақты драмалық көркем үйірме жасалды. Драма сахнасында Қошкелі Кеменгерұлының “Бостандық жемісі”, “Алтын сақина”, “Ескі оқу” пьесалары мен Асаубаевтың “Бейнетті мал” атты пьесасы қойылды. Кейінірек қазақ өңірлерінен театрлар ашылып, жазушыларымыздың драмалық шығармалары сахналана бастады. 20-30-шы жылдары драмалық шығармаларда көтерілген тақырыптар: ескілік пен жаңашылдықтың өзара күресі, сол замандағы кертартпалықтарды әшкерелеп, жариялау, моладаларды мазақ ету секілді өмір ағынынан қалыспай, соғай сәйкес дамып отырды. [4, 9]

Драматургияның қазақ өміріндегі орны мен рөлі жайында 1920 жылы Мұхтар Әуезов өзінің сындарлы ойын айтқан. Бұл жылдары Әуезов драмалық шығармалар қатарын көбейтіп қана қойған жоқ, сонымен қоса драматургия жайында бірнеше теориялық мақалалар жазып қалдырды. Жалпы қазақ театрының дамып өрістеуі жолында аянбай еңбек етті. Жазушы өзінің “Жалпы театр өнері мен қазақ театры” зерттеу еңбегінде театр тарихының грек елінен бастап Еуропа театрларының тарихына шолу жасады. Кейінірек ғалым 1934 жылы “Жақса пьеса - сапалы әдебиет бейнесі” атты үлкен көлемді мақаласын драматургия теориясын одан әрі дамытуға арнап жазып шықты.

Әуезов өзінің аталған еңбектерінде Еуропа халықтарының көркемөнерінің, салт-дәстүрінің туатын ұғымдарға тоқталып өтеді. Еуропа халықтарының театырлық өнері өзара болымсыз ойын-сауықтарынан шыққан қойылымдарының арқасында дамығандығын дәлелдейді. Бұл қызығушылық халықтың көңілінен шықты және театр өнері халықтың күнделікті өмірімен қол ұстасып дамыды дейді. Осының арқасында түрлі пьесалар жазылып шыққанын дәлелдейді.

Жазушының бұл сөздерін Әбділдә Тәжібаев қолдай отырып: “Қазақ елінде ерте заманда “драма”, “театр” секілді сөздер болған емес. Дегенмен ұлт поэзиясының бірнеше түрлері, салт - дәстүрімізге сай ойын -сауық кештеріміз бен қазақилығымыздың ғажайып үлгілері өзімізге лайық дәстүрлі театрымыздың болғандығын дәлелдейді”- дейді. [5, 36]

Қазақ халқының ғұлама ғалымы Әуезов қазақ жайлауларында жиі ұйымдастырылып отырған ас пен той, ақындар айтысы мен ән -күйлер өз уақытында театр жасады,- деп айтты. Соның ішінде “Жар -жар” мен “Беташар” қазіргі заман сахнасында да қоюлуға ешбір қосымшаларды керек етпейді. Қазақ ауыз әдебиетінде осындай дайын күйінде туған айтыс өлеңдері өте көп сақталған. Бұл құнды ескіліктер тек драмалық театр өнері үшін ғана емес, сонымен қоса әнмен шырқалатын опера өнеріне де еркін жарап қалады. М.Әуезов: “Анығында ақындар айтысының негізінде, өзгеше жанрлық бітім мазмұнында қолдану дәстүрінде қазақтың халықтық театрлық өнерінің мол белгілері бар. Халық театрының дән ұрығы бар деуге болады”, - деп өз ойын білдіреді. [6, 145-147 бб.]

Сонымен қатар ғалым өзінің бұл мақаласында “театр” сөзіне аса мән беріп өтеді, себебі мақала қазақ драма театрының тұсауы кесілген сәтте жарыққа шықты. Әңгіме төркіні жалпы театрдың қойылымдық жоспары жайында, яғни драматургия мәселелерінің аймағында өрбіген. Мұхтар Әуезов драма жанрының қазақ жерінде өркендеуіне еш бөгет жоқ екендігін сөз етеді. Ол үшін комедия, трагедия және драмалық жанрдағы пьесалардың мол екендігін, сол материалдар халық поэзиясының қорынан табылатындығын айтады.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті күлдіргі әңгімелерге бай. Ондай әңгімелер белгілі қулардың айналасында қарқынды өрбиді. Оған мысал, Семей маңындағы Шаншардың қулары атақты күлдіргілері және шешендікпен, сөз тапқырлықпен ерекшеленетін Жиренше, Алдар көсе. Бұл тарихи тұлғалардың жалпы барлық өмір жолы комедияға толы.

Ал театр сахнасына тәрбиелік, өсиет секілді санамызды жетілдіретін үлгі-өнеге берерлік желі керек болса, онда ертерекке көз жүгіртіп Асан қайғы, Бұхар сықылды алыптарымызды жандандыру қажет, - деп айтады жазушы. Осы тұлғалар маңында туған түрлі өнегелі сұлу әңгімелер бар дейді. Сол мұраларымызды сахна төріне көтерсек, мәдениет иісі жанданып, еліміз тіріліп, театрымыздың іргесі нығаяды дейді. “Бекет батыр”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” секілді жырларымыздың барлығы театр ішінен өз орнын табады, -деп пікір білдірген. [7, 29]

Қорыта айтатын болсақ, жазушы Әуезов қазақ драматургиясының даму жолын жан-жақты зерттей отырып, түрлі бағытта ұсыныстар жасай білген. Өз ауыз әдебиетімізден нәр ала отырып, өзге әдебиеттерден аударма жасай отырып драмалық шығармаларын қатарын көбейтуді тәжірибе негізінде дәлелдеді. Ғалым, біз, үшін қазақ драматургиясының дамуына, әрі жетілуіне үлкен сіңірген тарихи тұлға деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейфуллин С. "Манап" драмасы туралы // Айқап, 1915, 23 мамыр.
2. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том, - Алматы: Жазушы, 1988.- 340 Б.
3. Дулатов М." Надандықтың құрбаны " // Қазақ газеті, 1916, 31 наурыз.
4. Нұрғалиев Р. Айдын. Алматы: Жалын, 1985.-380 Б.
5. Тәжібаев А. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы: Жазушы, 1971, -420 Б.
6. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы: 9 томдық, - Алматы: Жазушы, 1981.-440 Б.
7. М. Әуезовтің қолжазба нұсқалары. - Алматы: 1977. -390 Б.

ӘОЖ 1751

«ҚАЛАМҒЕР ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ «КЕЗДЕСПЕЙ КЕТКЕН БІР БЕЙНЕ» ХАҚЫНДА БІРЕР СӨЗ

Қызырбек Ернар

asya_2309@mail.ru

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Бөкен Г.С., аға оқытушы, PhD доктор

«Ғабит Мүсірепов — ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден "Мүсірепов" деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Мүсіреповпен мақтану керек!» деп З. Қабдоллов айтса айтқандай Ғабит Мүсірепов есімі қастерлі де ардақты. XX ғасырдың көрнекті, аристократиялық жазушысының аты аталған жерде ұрпаққа қалдырған асыл туындылары ойға оралады. Оның әр жазған туындысы заманының өзекті мәселелерін көтерген, өмірден алынған әрбіреуі бір асқар шыңға татитын өміршең жаухарлар. Ол жазу шеберлігін өнер тағына көтерген сұңғыла жазушы. Бұны замандасы Тахауи Ахтанов та "Қазақ сөз зергерлерінің ішінде Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбасы ерекше. Стилинің әсемдігі, дәлдігі, тілінің нәрлілігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы бүкіл бір ұрпаққа үлгі"[1] деп жоғары бағасын беріп дәлелдейді. Мүсірепов